

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Айсұлтан» бөбекжай-балабақшасы				
Топ/сынып	Ересек топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Сұңқар»				
Балалардың жасы	4-5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Дүйсенбаева.Г.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	26.09-30.09.2022ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	26.09.2022ж.	27.09.2022ж.	28.09.2022ж.	29.09.2022ж.	30.09.2022ж.
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әрбір баланың оқу қызметіне дайындығы және оқу қызметіне керекті заттар жайлы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Максаты: балаларды жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды және оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу.	"Біздің шкафта тәртіп бар". Максаты: балаларды сыртқы киімге арналған шкафта заттарды бүктеу кезінде дәлдікке үйрету.	"Асхана бойынша кезекшілік". Максаты: балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуыңыз, кезекшінің киімін киіңіз, үстелді дұрыс қойыңыз. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалаңыз. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтаудағы ретсіздікті көре білу.	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Максаты: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қояды және ұқыптылыққа үйрену. Еңбекке баулу.	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Максаты: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіпті көре білуге. Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуге үйрету.

	Құрылыс ойындары "Жануарларға арналған балабақша", "қуыршақтарға арналған үй".	Дидактикалық ойын «Қасқырдан құтқар». Мақсаты: тіл байлықтарын арттыру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Балалардың назарын үстел үстіндегі ойыншықтарға (үй жануарлары мен қасқырдың нақпішініне) аударады. Әр үй жануарын қасқырдан құтқару үшін ол туралы өлең, жұмбақ, жаңылтпаш айту керектігін түсіндіреді.	«Ғажайып қоржын» дидактикалық ойыны Ойынның шарты: ғажайып қоржынның ішінде бірнеше заттар: ойыншықтар, оқу құралдары бар, сол заттардың ішінен оқу құралдарын бір бөлек, ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек. Оқу құралдар мен ойыншықтарды бөлек жинайды.	Дидактикалық ойын "Ғажайып нүктелер". «Ғажайып нүктелер» арқылы қарлығаштың суретін салады. Нүктелерді қосып, қарлығаштың суретін шығарады.	Суреттерді бояу Суреттерді бояу, беттерін де бояу. Мақсаты: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.
--	--	--	--	--	---

Танертенгі жаттығу	1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында 2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде 3.1. Орындарында тұрып, бастарын алдымен оңға бұрады 3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол көкірек тұсында 4.1. Қолдарын жандарына созады; 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 6 рет қайталанады) 5. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде 5.1. Қолдарын жандарында ұстап, бір орында тұрып, пингвин сияқты айналу 5.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).
Таңғы ас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Ас ішуге тұрайық Қолымызды жуайық Сабын, суды аямай Тазалықты ұғайық

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Қылқалам ханшасы». Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. ҚР Президенті, ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу. ҚР Әнұранын шырқау.	«Тілек тілеу». Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әркашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! (Шеңбер құрып, кайталайды). Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу.	- Сәлем, саған, ыстық жерім! Сәлем, саған, туыс елім! Ыстық маған ошақ үйім, Домбыраның қоңыр күйі! Бір-біріне жылулық сыйлап, достық туралы, топтың ережесі туралы әңгімелесу.	- Қайырлы таң, Алтын күн! Қайырлы таң, Жер Ана. Аман болсын, достарым, Аман болсын, ата-анам. Алтын күз жайлы әңгімелесу.	Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын. Жапырақтар туралы әңгімелесу.
--	--	---	---	---	--

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Кедергілерден өту ойындары". Максаты: балаларды тізені жоғары көтеріп жүгіруге үйрету. "Доп кімде?" кимылды ойыны.	Музыка "Күн дидарлы Қазақстан". Максаты: балалардың ән айтуға қызығушылықтарын арттыру; жай және көңілді әндерді ажырата білуге үйрету. Дидактикалық ойын: "Күннің көзі және бұлт".	Дене шынықтыру "Саршұнақтай жылдам болайық". Максаты: балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру. "Саршұнақ" кимылды ойыны.	Музыка "Жапырақтар сарғайды". Максаты: Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын қалыптастыру; дыбысты есту және қабылдау қабілетін дамыту. Балаларды адамгершілік қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру. «Атжарыс» ойыны.	Дене шынықтыру "Күздің қызықтары". Максаты: балаларды жүруді секірумен кезектестіруге үйрету; басқа қап қойып, заттарды аттап өтуге үйрету. "Басына қап қою" кимылды ойыны.
---	--	---	--	--	---

2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!"
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.

Серуен	Қылқанжапырақты ағаштарды бақылау (шырша, карағай) Жұмбақ. Қысы-жазы бір түсте. (Шырша) Бақылау: балабақша алаңында өсетін қылқанжапырақты ағаштарды танып білу (2 түрі қылқан жапырақты карағай және шырша). Сыртқы бейнелеріне қарап: карағай – ұзын инелері бар, шыршаларға карағанда ашық түсті; шырша – инелері қысқа және онша ашық түсті емес. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Қимылды ойын «Бос орын». Жүгіру, жүру, секіру сияқты жаттығуларды бекіту, түрлі қимыл-қозғалыстарын	Бұтақтарды бақылау (итмұрын, сирень, кара жемісті шетен, мойыл). Жұмбақ. Өсімдіктің тікенегіне байланысты аталған. Жемісін жұлып алсаң, тікені қолыңа кіреді. (Итмұрын) Онан көз ашиды, жапырақтары өткір, шұбар келген. (Шетен ағашы) Бақылау: сыртқы белгілерге қарап бұталардың 2-3 түрін танып білу; оларды ағаштардан айыру. Табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Белгіні тыңда». Ойын ережелеріне бағынуын, жауапты орындай білуін дамыту. Еңбек: ағаштардың түбін қопсыту. Жолдастары мен ересектерге көмек	Жеміс ағаштарын бақылау. Таппақ. Жеміс біткен бау-бақша, Жемін жайды жан-жаққа. Бақта құстар сайрады, Құйқылжытып сан-саққа. Қолға ап бақша құралын, Суды атызға бұрамын. Ағаш түбін қопсытып. Арам шөпті жұламын. Бақылау: ағаштардың түстерінің өзгеруін, өсуін көру, жемісін бақылау (ранетки). Жасыл, піспеген жемісті жеуге болмайды, тек піскен жемісті жеу керек екенін түсіндіру. Қимылды ойындар: «Қоян мен қасқыр». Мәтіннің сөздігімен сәйкесінше әрекетті	Торғайды бақылау Максаты: торғайдың пайда болу ерекшеліктері, өмір көріністері туралы білімді тереңдету; балалардың назары мен жадын белсендіру. Бақылау барысы: - Торғай қандай? - Ол немен қоректенеді? - Қалай ән айтады? Торғай - кішкентай құс. Торғайдың артқы жағы қоңыр, кара жолақтары бар. Құйрығы мен канаттары кара қоңыр, иек пен тамағы кара, бірақ басы сұр. Торғай - епті құс, қорықпай секіреді, үгінділер, тұқымдар, дәндер алады. Ол барлық жерде адамның әдеттеріне жақсы бейімделеді. Торғай "шиқ-шиқ" деп ән салады.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. Ауа райын бақылау Бақылау: бірінші күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жанбырлы күндер – сұр аспан, бұлыңғыр, бұлттың көшуі, күннің көзінің сирек шығуы, жапырақтар сарғайып жерге түседі. Табиғатты сүйуге баулу. Қимылды ойын: «Қыз қуу» (қазақ халқының ұлттық ойыны).
--------	--	---	---	---	--

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру; Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Вариативті компонент. Құрастыру "Көрнекті ғимарат". Максаты: балаларды құрылыс материалдары: тақтайша, текше, кірпіш, цилиндр, призма, пирамида, арканы пайдаланып екіқабатты ғимаратты құрастыруға үйрету; призма, текше, цилиндр, тақтайша, кірпіш қасиеттерін талдап, тәжірибеде қолдануға дағдыландыру; құрылыстың тұрақтылығын ескеріп отыруға баулу. Игровизор ойыны. "Артық затты тап". Сюжеттік-рөлді ойын: «Шаштараз». Максаты: балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып,	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу. "Менің өлкем". Максаты: балаларды Қабдыкәрім Ыдырысовтың «Менің өлкем» өлеңінің мазмұнымен таныстыру; өлең жолдарындағы көркем сөз атауларын шынайы айтуға жаттықтыру. Дидактикалық ойын: "Қазақстан туын тап". "Жүгіріп қағып ал" қимылды ойыны. Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы тұрады (қашықтығы 1,5-2 м). Тәрбиеші «Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, кім жүйрік қағып алсын!» - деп допты	Сурет салу Тақырыбы: Ыдыстар. Максаты: балаларды акварель бояуларымен таныстыруды жалғастыру, акварель бояуын суға езіп, қылқалам арқылы қою консистенциясын жасау техникасын қалыптастыру; қылқаламмен шеңбер және жарты шеңбер пішіндерін бір-бірінің жанына салып, табакша мен шыны-аяқ бейнелерін бір сюжетке біріктіруге үйрету. Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?". Дидактикалық ойын "Басқаша айт". Максаты: жалпылама ұғымдарды бекіту (мұғалім балаға допты лақтырып,	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу. "Қыран". Максаты: балаларды қыранның сыртқы келбетімен таныстыру; қыранды тануға, білуге деген құштарлығын қалыптастыру. Дидактикалық ойын: "Қыранды тап". Театрды сахналау. "Қызыл телпек" ертегі желісін маскамен сахналау.	«Балықшы». Максаты: алған білімдерін тиянақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Көрнекіліктер: аквариум суреті, балықтар. Ойынның барысы: балалар суреттегі аквариумнан балықтарды аулап алады да, балық қандай түсті екендігіне айтады.
---	---	--	--	---	---

Балалармен жеке жұмыс	«Әдемі кілемшелер». Ойынның мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.	Жаңылтпаш жаттайық. 1) Доп деп, Доп теп. 2) Қапыда ит қапты, Қатты қапты, Қапты қатты. 3) Қырқада қырық арқар бар. Қырық арқарда ақ арқар бар. Алты арқарда марка арқар бар.	Кел, жазайық. Мақсаты: тиянақтылыққа, көркем жазуға, қалам ұстауға үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі.	Артикуляциялық жаттығу. 1) Ара болсаң, ызында З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж Жұмыс істе, тығылма. - Ара қалай дыбыстайды? (з- з-з) - қатты\жай 2) «Зе-зе-зе, зе-зе-зе – бұл шынылы терезе», «За-за-за, за-за-за – үйдің іші тап-таза», «Зу-зу-зу, зу-зу-зу – күрекпен жерді қазу», «Са-са-са, са-са-са – ызындайды маса.	Кел, санайық 5-ге дейін кері қарай санауды бекіту. Геометриялық денелерді дұрыс атап, ажырата білуге үйрету.
Серуенге дайындық	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафка киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау.				
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Алтын күз" тақырыбында жеке әңгімелесулер.				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				

Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Еркін ойындар. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру. Театрлық қойылымдар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Жеке бас гигиенасының басты ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарында әңгіме жүргізу.	«Отбасымен серуендеу» атты тақырыбында көрме ұйымдастыру.	Жоба: "Жомарт күз" атты тақырыпта көрме ұйымдастыру.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	"Баланың серуенін қалай ұйымдастырамыз" тақырыбында ата-аналарға кеңес.

Дексертгі
с. 100